



Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 мамырдағы N 638 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 13 мамырдағы № 368 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.05.2024 № 368 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 11 сәуірдегі N 370қ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссия туралы үлгі ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2001 жылғы
15 мамырдағы N 638 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссия туралы үлгі ереже

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік құпияларды қорғау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі - ТЖК) туралы үлгі ереже мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс жүргізетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарына қолданылады.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдар бұдан әрі, олардың атаулары ерекше айтылғаннан басқа жағдайларда, ұйымдар деп аталады.

2. Ұйымдарда осы Ереже негізінде нақты ұйымның өндірістік қызмет ерекшеліктерін ескеретін ТЖК туралы ведомстволық ереже әзірленеді. Ережені ұйым басшысы бекітеді.

3. ТЖК мемлекеттік құпиялары бар мәліметтердің сыртқа шығуы мүмкін болатын арналарды анықтау және уақытында жабу, құпия құжаттар мен бұйымдардың жоғалуын болдырмау жөнінде ұсынымдар дайындау үшін құрылатын, ұйымның бірінші басшысы жанындағы алқалық консультативтік орган болып табылады.

4. Өзінің қызметінде ТЖК "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 наурыздағы N 390-16 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты, осы Ережені және мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алады.

5. Құпия жұмыстар көлемі аз болған ретте ТЖК құрылмауы мүмкін, мұндай жағдайларда ұйым басшысының бұйрығымен әрбір нақты мәселе бойынша ұсынымдарды шешу және дайындау үшін мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімше басшысының қатысуымен ұйым қызметінің негізгі бағыттарының мамандары қатарынан комиссия құрылады.

2. ТЖК негізгі міндеттері мен функциялары

6. ТЖК мемлекеттік құпияларды қорғаудың қажетті режимін қамтамасыз етуге көмектесу мақсатында ұйымның өндірістік, өндірістік-техникалық, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және өзге де қызметінің барлық жағын зерттейді және мына мәселелер бойынша практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлейді:

1) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерге, соның ішінде:

"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-14-баптарымен айқындалған Құпияландыруға жататын мәліметтердің республикалық тізбесіне;

Құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық тізбесіне;

Қазақстан Республикасының айрықша режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілерінің тізбесіне;

аңыздандыруға жататын жұмыстар тізбесіне;

шектеулі таратылатын (ашық баспасөзде, радио және теледидар бойынша хабарларда жариялауға тыйым салынған) мәліметтер тізбесіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу;

2) мемлекеттік құпияларды қорғауды, жүргізілетін жұмыстардың, техникалық барлауға қарсы іс-әрекеттердің, соның ішінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау, құпия

мәліметтерге, құжаттарға және жұмыстарға рұқсат беруге ресімдеуге жататын қызметкерлер лауазымдарының номенклатурасын әзірлеу кезінде құпиялылық режимін қамтамасыз ету саласындағы ведомстволық құжаттарды дайындау;

3) жұмыстардағы, құжаттардағы және бұйымдардағы мәліметтердің құпиялылық дәрежесін айқындау және өзгерту;

4) құпиялылық режимінің бұзылуын және шетелдік арнайы қызметтердің және басқа да ұйымдардың ұмтылыстары мен ұйымда жүргізіліп жатқан мемлекеттік құпиялар бар жұмыстар жайлы хабардарлығы туралы деректерді талдау;

5) айрықша режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілерді және олар жүргізетін жұмыстарды аңыздандыру, жасыру мен шифрлау, сондай-ақ жасыру аңыздарын және оларды енгізу мен күшейту, шетелге іссапарға шығатын мамандарды аңыздандыру жөніндегі іс-шараларды бағалау және негізділігіне, жеткіліктілігі мен күтілетін тиімділігіне қатысты қорытындылар шығару;

6) режимді және өзге бұйымдар арасында, соның ішінде авторлық өтінімдер мен рационализаторлық ұсыныстар бойынша мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен алмасу;

7) құпия техника, өнім және бұйым жасау мен жетілдіру жөнінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу;

8) жабық сипаттағы маңызды жаңалықтарды, өнертабыстарды және рационализаторлық ұсыныстарды енгізу, жаңа бұйымдар мен технологияларды жасау, қолда бар қару-жарақ пен әскери техниканы жетілдіру;

9) құпия бұйымдарды немесе құрамдас бөліктерін тәжірибелік және жаппай өндірісте дайындау және жетілдіру;

10) құпия бұйымдарды сынаудың барлық түрлері мен кезеңдері;

11) мемлекеттік құпиялары бар бұйымдарды немесе олардың құрамдас бөліктерін тасымалдау және сақтау;

12) айрықша режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілердің құрылысына арналған жер учаскелерін, оларды жасыру мен шифрлау жөніндегі талаптарды ескере отырып таңдау және бөлу;

13) айрықша режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілерді, олардың құрылысын, қайта жаңартуды, жабдықты орнатуды жобалау;

14) басқа ұйымдармен мемлекеттік құпиялары бар бірлескен жұмыстарды орындау туралы шарттар жасасу;

15) қызметтік ақпаратты хабарлау үшін қорғалмаған байланыс арналарын (желілерін) пайдалану;

16) құпия өндірістік және техникалық кеңестер мен конференциялар, ғылыми-техникалық және ғылыми кеңестер мәжілістерін өткізу;

17) ғылым мен техника саласында қару-жарақ пен әскери техника мүмкіндіктерінің сапалы жаңа деңгейін айқындайтын қағидатты маңызы бар жаңа жетістіктер (соның ішінде жаңалықтар, өнертабыстар мен ғылыми-техникалық шешімдер) туралы жабық сипаттағы ақпаратты қорғаудың тиісті режимін қамтамасыз ету;

18) мемлекеттік құпиялары бар бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сақтау және сынау немесе олардың құпиялылық дәрежесін жоғарылату туралы мәселе туындаған кезден бастап өткізу және объектішілік режимін ұйымдастырумен немесе күшейтумен байланысты іс-шараларды жүргізу;

19) құпия бұйымдар көрмелерін ұйымдастыру, шет елде өткізілетін көрмелерге қатысу;

20) жасау және сынау процесінде құпия бұйымдарды киноға, бейнеге және фотоға түсіру, олардың техникалық құжаттамасын микрофильмдеу;

21) шет елге және шетел қатысатын ұйымдарға беруге арналған құпия құжаттар мен бұйымдарды және олардың техникалық құжаттамасын дайындау, шығару және жөнелту;

22) ведомстволық бағынысты ұйымдарға режимді үй-жайларда пайдалануға арналған импорттық жабдықтарды әкелуге, оған кепілді және кепілдігі аяқталғаннан кейін қызмет көрсетуге, қосалқы бөлшектермен және материалдармен қамтамасыз етуге шетелдік және басқа да ұйымдармен шарттар мен келісім-шарттар жасасу;

23) мамандарды шет елдерге іссапарға жіберу және шетелдік делегацияларды, топтар мен жекелеген адамдарды қабылдау;

24) тиісті сала қызметіне қатысты құпия мәліметтердің немесе ашық жариялауға жатпайтын мәліметтердің шетелдік және республикалық баспасөзге өтуі мүмкін жолдарды анықтау және оларды жабу жөніндегі уақтылы шараларды қабылдау;

25) ұйым қызметінің бағыттары жөніндегі мәліметтер мен жұмыстардың ашық жариялану мүмкіндігін айқындау;

26) мемлекеттік құпиялары бар диссертацияларды, диплом жұмыстары мен материалдарды сыйлықтар, ғылыми атақтар мен дәрежелер беруге дайындау;

27) есептеу техникасы құралдарын, автоматтандырылған басқару жүйелері мен құралдарын құпия мәліметтер дерекқорын қабылдау, өңдеу, сақтау, іздестіру, беру, қалыптастыру үшін пайдалану;

28) техникалық барлауға қарсы кешенді іс-қимылдың тиімді шараларын қамтамасыз ету;

29) үй-жайларды оларда мемлекеттік құпиялар туралы мәліметтер бар жұмыстарды жүргізу мүмкіндігіне аттестаттау;

30) ақпаратты қорғауға кететін шығындарды, мемлекеттік құпияларды жариялаудан және олардың таралуы нәтижесіндегі ауыр салдарлардың туындауын, болуы мүмкін залалдарды айқындау;

31) лауазымды адамдар мен ұйымдардың ақпаратты құпияландыру және құпиясыздандыру жөніндегі заңсыз іс-әрекеттерін мүмкін болатын зияндар мөлшерін айқындай отырып, сотқа шағымдану;

32) шет елге шығатын, шетелдік ұйымдарға немесе шетел қатысатын ұйымдарға жұмысқа орналасатын адамдарға белгілі мәліметтердің құпиялылық дәрежесін айқындау.

7. ТЖК мынадай мәселелер бойынша қорытындылар әзірлеуге қатысады:

құпия мәліметтердің сыртқа шығуы, құпия мәліметтер бар құжаттар мен бұйымдар жоғалуы мүмкін жолдарды бағалау;

жоғалған құжаттар мен бұйымдардағы мәліметтердің құпиялылық дәрежесін айқындау;

ұйымдарды айрықша режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілер санатына жатқызу қажеттілігі мен орындылығы. V074976

8. Қажет болған жағдайда ТЖК туралы ведомстволық ережеге мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері жөніндегі басқа функциялар да кіруі мүмкін.

9. ТЖК мәжілістері қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Мәжілістерге мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының өкілдері, сондай-ақ мүдделі ұйымдардың тиісті нысандағы рұқсаттары бар мамандары қатыса алады. <*>

ТЖК мәжілістерінде мәселелердің талқылануы хаттамамен ресімделеді, оған ТЖК төрағасы (төраға орынбасары) мен комиссия хатшысы қол қояды.

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 287 қаулысымен.

3. Мемлекеттік құпияларды қорғау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссия қызметін ұйымдастыру тәртібі

10. ТЖК-ны төраға - ұйым басшысы орынбасарларының бірі басқарады және тікелей ұйым басшысына бағынады.

Ұйым ТЖК-сының төрағасы жоғарғы тұрған ұйым ТЖК-сының құрамына кіруі мүмкін.

ТЖК төрағасы негізделген ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу мақсатында ТЖК мүшелерінің мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері жөніндегі негізгі нормативтік құқықтық кесімдердің талаптарын оқуын ұйымдастырады.

11. ТЖК құрамына ұйымның қызметі негізгі бағыттарының мамандары, мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімше басшысы кіреді. Ұйым құпия тақырып бойынша тапсырыстарды орындаған жағдайда ТЖК құрамына

тапсырысшының өкілдері кіруі мүмкін. Олардың бәрінің мемлекеттік құпияларға тиісті нысандағы рұқсаттары болуы тиіс.

12. ТЖК-ның сандық құрамы ұйым қызметінің сипаты, сондай-ақ қорғауға жататын мәліметтер көлемі негізге алына отырып, сараланып айқындалады.

13. ТЖК-ның дербес құрамы мен оған енгізілетін өзгерістер ұйым басшысының бұйрығымен бекітіледі.

14. ТЖК мүшелерінің қатарынан оның қызметінің нақты бағыттары үшін жауап беретін төраға орынбасарлары және хатшы тағайындалады.

15. ТЖК хатшысы оның мәжілістерінің хаттамаларын жүргізеді, ТЖК шешімдерінің орындалу барысын бақылауды жүзеге асырады, жұмыс жоспарларын және ТЖК жұмысы туралы есептерді дайындайды.

ТЖК хатшысы:

барлық мүшелерді кезекті мәжіліс материалдарымен және шешімдер жобаларымен алдын-ала (комиссия мәжілісіне дейін) таныстырады;

ТЖК шешімдерін тиісті лауазымды адамдарға оларға қатысты бөлігінде уақтылы жеткізуді қамтамасыз етеді;

комиссия төрағасының нұсқауы бойынша ТЖК ұсынымдары мен ұсыныстарын іске асыру мәселелері жөніндегі бұйрықтар мен өкімдер жобаларын дайындайды;

ТЖК шешімдерінің орындалуын тұрақты бақылауды жүзеге асырады және комиссия мүшелеріне осы шешімдердің орындалу барысы туралы тоқсан сайын хабарлайды.

ТЖК хатшысы орындаушылардан комиссияның кезекті мәжілісінде қаралатын мәселелер жөніндегі материалдар мен шешімдер жобаларын уақтылы ұсынуын талап етуге құқылы.

16. ТЖК мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттармен және материалдармен танысуға құқылы.

17. Жұмыс процесінде туындайтын мәселелерді егжей-тегжейлі зерттеу және тиісті шешімдер әзірлеу үшін ТЖК-ның тиісті нысан бойынша рұқсаты мен қаралатын мәселелерге тікелей қатысы бар ұйым мамандарын тартуға құқығы бар.

18. ТЖК өз жұмысын ұйым басшысы бекітетін жылдық жоспар бойынша ұйымдастырады және жүзеге асырады. Жылдық жұмыс жоспарларында көзделмеген жекелеген мәселелер жоспардан тыс тәртіппен қаралады.

ТЖК-ның жұмыс жоспарлары ұйымның барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары ескеріле отырып әзірленеді.

19. ТЖК-ны қайта ұйымдастыру мен тарату заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. ТЖК есептілігі

20. ТЖК өз қызметінде ұйым басшысына есеп береді. ТЖК төрағасын ұйым басшысы қажет болғанда, кемінде жылына бір рет тыңдайды.

21. ТЖК жұмысы туралы есептілік жоғары тұрған ұйымға ұсынылатын ұйымның мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмысы туралы жылдық есептерде көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК